

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 наурыздағы N 215 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж ., N 21-22, 150-құжат; 2007 ж., N 2, 14-құжат; 2007 ж., N 20, 153-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерін анықтау ө л ш е м д е р і .

Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесіне қосуға жататын объектілер мынадай өлшемдердің біріне сәйкес келуі тиіс:

өңірлер мен республика үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық мәні бар болуы;
олардың меншігінде стратегиялық объектілердің болуы;
ұлттық холдингтерге және (немесе) ұлттық компанияларға тиесілі болуы.";

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) үш жылда бір рет мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсынымдары бойынша экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің

тізбесін жаңарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК